

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігі және Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№9 Меркі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемелері арасындағы өңірлерге қажетті мамандарды даярлау бойынша

КЕЛІСІМ ШАРТ

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігі және Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№9 Меркі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемелері (бұдан әрі – *Тараптар деп аталады*) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-шы «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 30 қараша 2015 жылғы, 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауларына сәйкес 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы бойынша экономикадағы өндірістер үшін мамандар дайындауды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен бекітілген «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысымен өзгертілген) жүзеге асыру мақсатында өңірлерге қажетті мамандарды даярлау үшін екі жақты келісім жасалынды.

1. Келісімнің мәні

1. Осы келісімнің негізгі мәні Тараптардың қызметі мен құзіретін ескере отырып, Тараптардың тиімді ынтымақтастығы мен тығыз қарым – қатынасын қамтамасыз ету;
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген білім алу құқығын іске асыру;
3. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, жастардың жұмысшы кәсіптерін (мамандықтарын) алуға оң көзқарастарын қалыптастыру;
4. Өңірлерге қажетті мамандарды жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып даярлау;
5. Әріптестік шеңберінде ауқымды шаралар мен бастамаларда бірге қызмет етуді үйлестіру;
6. Жұмыс берушілермен іскерлік байланыс орнату;
7. Меркі ауданы әкімі тарапынан, міндетті түрде колледж бітірушілердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.

2. Жамбыл облысы Меркі ауданының әкімінің міндеттері

1. Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімі өңірдің еңбек нарығының қажеттілігін анықтау мақсатында жергілікті жердегі жұмыс орындарындағы мамандарға нақты қажеттілікті зерделейді;

2. Білім беру ұйымдарында пайда болған қажетті мамандар туралы анықталған ақпараттарды жібереді.
3. Жергілікті жердегі жұмыспен қамту бөлімдері техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру гранттарын қалыптастыру үшін мамандарға қажеттілік туралы ақпаратты Меркі ауданы әкімінің мөрімен бекітілген, қолы қойылған түрінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсынады;
4. Колледж бітірушілерінің жұмыспен қамтылуына жағдай жасайтын үрдістерді жүзеге асырады:
 - «Бос орындар жәрмеңкесін» ұйымдастырады;
 - Жұмыс өз мекемелерінде жұмысқа қабылдағысы келетін мамандардың қалаулы қасиеттері туралы сауалнамасын негізге ала отырып, іскерлік байланыс орнатады;
 - Жұмыспен қамту басқармасы мәліметтік базасына бітірушілердің жеке мәліметтерін жергілікті жердегі жұмыспен қамту бөлімдері енгізеді.
5. Жұмыс беруші мен жұмысшының тәуекелдерін өзара сақтандыру үшін үш жақты шарттар (жұмыс беруші, жұмысшы, жұмысқа орналастыру жөніндегі орган) тәжірибесін енгізу жөніндегі тетікті әзірлейді;
6. Меркі ауданы әкімінің тарапынан міндетті түрде колледж бітірушілерді жұмыспен қамтуға ықпал етеді.

3. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№9 Меркі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының міндеттері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына оқу жоспарларының болуы;

1. Оқу жоспарының пәндеріне сәйкес педагог қызметкерлердің базалық білімінің болуы;
2. Педагог қызметкерлерінің біліктілік санаттары бойынша жоғарғы және бірінші санаттағылар үлесінің жалпы саны кемінде 30 пайыз болуы;
3. Медициналық қызмет көрсету бөлмесінің және медициналық қызметке берілген лицензияның болуы;
4. Жабдықталған спорт залы және жазғы спорт алаңдарының болуы;
5. Мамандандырылған жайлардың заманауи құрал-жабдықтармен қамтылуы;
6. Оқу зертханалары мен оқу-өндірістік шеберханалардың оқу –өндірістік жайларға талаптарының сәйкестігі;
7. Кітапхана және оқу залдарымен қамтамасыз етілуі;
8. Кітап қоры оқулықтарының жеткілікті болуы;
9. Интернет жүйесіне қосылған компьютерлік сыныптардың болуы;
10. Санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы;
11. Пайдалы оқу алаңы мен материалдық-техникалық базасының болуы;
12. Кәсіби практиканы ұйымдастыру үшін талапқа сай базасы бар ұйымдармен келісім шарттың болуы;
13. Дуальды оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру;

14. Мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін кәсіпорындардың әлеуетін пайдалану және өндірістің білікті мамандарын тарту;
15. Жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру;
16. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып техникалық және кәсіптік білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

4.Кәсіпорын өзіне мынандай міндеттемелер алады

- 1) Білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
- 2) Білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 3) Осы келісімнің шарттарына сәйкес білім алушыны мамандығы бойынша кәсіптік практикаға берілген жолдама бойынша қабылдау;
- 4) Білім алушының келісімінсіз оқу үрдісіне залал келтіретін қоғамдық және басқа да шараларға қатысуына жол бермеу;
- 5) Бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтарда, зертханаларда және т.б.) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- 6) Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған түлекті біліктілігіне сәйкес кәсіпорынға жұмысқа қабылдау және бекітілген айлық мөлшерінде жалақыны төлеу;

5.Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту, толықтырулар және тоқтату тәртібі

1. Осы келісім оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.
2. Осы келісім ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.
3. Осы келісім мемлекеттік тілде үш дана жасалынып, әр тарапқа беріледі.

6.Тараптардың жауапкершілігі мен дауларды шешу тәртібі

1. Тараптар осы келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.
2. Осы келісімді орындау процесінде туындаған даулармен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешу мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
3. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Тараптардың заңды мекен – жайлары мен банктік реквизиттер

Жамбыл облысы әкімдігі білім
басқармасының «№9 Меркі колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

Жамбыл облысының
Меркі ауданының әкімі
аппараты

Мекен жайы Жамбыл облысы
Меркі ауданы
Омарходжаева көшесі №1

Мекен жайы Жамбыл облысы
Меркі ауданы
Ә.Исмайлов көшесі

БИК HSBKZZKX
ИИК 94601716100000085
БИН 080240020431
Код 16

БИН:

№9 Меркі колледжінің директоры
Ғ.К.Мамырбаев



«19» 01 2021 ж.

Меркі ауданының әкімі
М.А.Өмірбек



«21» 20__ ж.